



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ



сезініп, Қазақстан Республикасының Ата Заңын – осы Конституцияны қабылдаймыз.

I бөлім Конституциялық құрылыс негіздері

1-бап

Қазақстан Республикасы – демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет. Мемлекеттің ең жоғары құндылығы – адам мен оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары.

2-бап

1. Қазақстан Республикасы – унитарлы мемлекет. Басқару үлгісі – президенттік республика.
2. Қазақстан Республикасының Егемендігі оның бүкіл аумағын қамтиды. Мемлекет өз аумағының тұтастығын, бөлінбеуін, оған қол сұғылмауын қамтамасыз етеді.
3. Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы конституциялық заңда айқындалады.
4. Қазақстан Республикасының елордасы – Астана қаласы. Елорда мәртебесі заңда айқындалады.
5. Қазақстан Республикасы мен Қазақстан атауларының мәні бірдей.
6. Қазақстан Республикасының Егемендігі, Тәуелсіздігі, унитарлығы, аумақтық тұтастығы мен басқару үлгісі өзгермейді.

▶ 2-9

Біз, біртұтас Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілікті нығайта отырып, Ұлы Даланың мыңжылдық тарихының сабақтастығын сақтап, мемлекеттің унитарлы сипатын, оның шекарасы мен аумағының тұтастығына қол сұғуға болмайтынын нақтылап, Әділетті Қазақстан идеясын және Заң мен Тәртіп қағидатын ұстанып, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары мүлтіксіз сақталатынын мәлімдеп, бірлік пен ынтымақ, этносаралық және конфессияаралық татулық қағидаттарына сүйеніп, мәдениет пен білім, ғылым мен инновация құндылықтарын бағдарға алып, табиғатты аялау қажеттігін мойындап, бейбітшілікке және барлық елмен достыққа ұмтылып, келешек ұрпақ алдындағы аса жоғары жауапкершілікті

MAĐENIET

МӘДЕНИЕТТЕ МАМАН ТАПШЫ

Өңірде аудандық Мәдениет үйлерінің былтыр атқарған жұмысы қорытындыланды. Алқалы жиында бір жыл бойы атқарылған істер сараланып, алдағы жоспарлар талқыланды.

▶ 10



ӨНЕРДІ ӨРГЕ СҮЙРЕГЕН

▶ 11

KEREK DEREK

Қазақстанда былтыр барлық көлік түрімен жөнелтілген жүк көлемі 2024 жылмен салыстырғанда 7,9 пайызға өсті. Есептік кезеңде жалпы 1,1 млрд. тонна жүк тасымалданды. Кәсіпорындардың жүк тасымалынан тапқан табысы 5,7 трлн. теңгені құрады. Жүк тасымалының негізгі үлесін темір жол көлігі алды. Оның үлесі – жалпы көлемнің 40,1 пайызы.

MAŚLIHAT

Тимирязев ауданында халық саны аз үш ауылдық округ атауы картадан жойылады. Олар енді көрші ауылдық округ құрамына енеді. Облыстық мәслихаттың кезектен тыс сессиясында жобаны депутаттар бірауыздан бекітті.

Облыстық экономика басқармасының басшысы Наталья Дышканттың айтуынша, ауылдық округ 2 және одан да көп ауылдан тұрып, халық саны 500-ден кем болмауы тиіс. Тимирязев ауданында тек бір елді мекен қарайтын 12 ауылдық округ бар.

– Есіл ауылдық округінде – 64 адам, Целинныйда – 155 адам, Ленинскийде 61 адам тұрып жатыр. Осы үш округте ауылдық жиын өтіп, басқа округке қосу туралы шешім қабылданды. Ауылдық әкімдік аппаратында үш адамнан жұмыс істейді, жылдық шығын – 87 млн. теңге. Үнемделген қаражат елді мекендерді абаттандыруға, жолдарды жөндеуге жұмсалады, – деді облыстық экономика басқармасының басшысы Наталья Дышкант.

Есіл ауылдық округі Ақсуат, Ленин

OBLYSTYQ AKIMDIKTE

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖАҢА АТА ЗАҢЫ

Облыстық әкімдікте жаңа Конституция жобасының негізгі новеллаларын талқылауға арналған кездесу өтті. Іс-шараға облыс әкімі Ғауез Нұрмұхамбетов, департамент және басқарма басшылары, мәслихат депутаттары, партиялар мен қоғамдық ұйымдардың өкілдері және бейнебайланыс арқылы аудан әкімдері қатысты.

Өңір басшысы жаңа бастама саяси жүйені кешенді түрде жаңғыртып, жасанды интеллект дәуіріндегі елдің тұрақты дамуына жағдай жасауға бағытталғанын атап өтті. Жаңа өзгерістер аясында Ата заңның 84 пайызына өзгеріс енгізіледі. Онда адам құқықтары мен бостандығына айрықша мән берілген.

▶ 10

JUMYS SAPARY

САПАЛЫ АУЫЗСУ – ӘР ҮЙГЕ

Өңірге жұмыс сапарымен Премьер-министрдің кеңесшісі Ералы Тоғжанов келіп, Мемлекет басшысының халықты сапалы ауызсумен қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмасының орындалу барысын тексерді.

Президенттің халықты ауызсумен толық қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмасын орындау мақсатында облыста кешенді жұмыстар жүргізілуде. Үкіметтің қолдауымен өткен жылы сумен жабдықтау саласын дамытуға барлық қаржыландыру көздерінен 74 млрд. теңгеден астам қаражат бөлінді. Ауқымды жұмыс 140 ауылда жүргізіліп, оның ішінде 88-і алғаш рет таза ауызсумен қамтамасыз етілді.

Жаңа нысандар салумен қатар, қолданыстағы сумен жабдықтау жүйелерін жақсарту және жаңғырту бойынша жоспарлы жұмыстар жүргізілуде. Былтыр осы бағытта 34 жобаны іске асыру басталып, 13-і аяқталды. Биыл қолданыстағы сумен жабдықтау нысандарын жаңғыртуға бағытталған тағы 17 жобаны жүзеге асыру көзделген.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі.

ҮШ АУЫЛДЫҚ ОКРУГ ҚЫСҚАРДЫ



ауылдық округі Мичурин, Целинный болса Хмельницкий ауылдық округінің құрамына кіреді. Елді мекендердің бұ-

рынғы атаулары сақталады.

Акерке ДӘУРЕНБЕКҚЫЗЫ,
«Soltüstik Qazaqstan».

Қызылжар өңірінен мәдениет пен өнердің дамуына еселі еңбегімен үлес қосқан тұғырлы тұлғалар аз шықпаған. Солардың бірегейі – көзі тірі болғанда ақпан айының 5-ші жұлдызында 76 жасқа толатын белгілі өнер қайраткері, қадірлі ағамыз Қуандық Қасымов. Қуандық аға екеуіміз – Жамбыл ауданындағы Баян ауылының тумасымыз, бір мектепте оқыдық, кейін өнер жолында да қатар жүрдік.

Қуандық Ишанғалиұлы бар ғұмырын өнерге арнаған адам еді. Бала күнінен сахнаға жақын болып өсті. Ол өнерді ұлықтаудан, оған қызмет етуден бір сәт жалыққан емес.

Қуандықтың өнер жолын таңдауының өзіндік себептері бар деп ойлаймын. Ең алдымен, оған туған жері мен өскен ортасы ықпал етті. Жамбыл ауданындағы Баян ауылы – ертеден өнер ордасы атанған мекен. Осы өңірден Нияз сері, Сегіз сері сияқты әйгілі өнер иелері шыққан. Ел ішінде Сегіз серінің әндерін, күйлерін орындап жүрген талай адам болды. Қуандықтың әкесі де өнерге жақын, керемет домбырашы, әнші болған кісі еді. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» дегендей, Қуандықтың басқа саланы емес, өнер жолын таңдауы – заңдылық.

Баян орта мектебінде оқып жүргенде Қуандықты ұстаздар мен оқушылардың барлығы «әнші бала» деп атайтын. Ол

ӨНЕРДІ ӨРГЕ СҮЙРЕГЕН

«Құралай» әнін орындағанда бәріміз ерекше сүйіспеншілікпен тыңдайтынбыз. Мектепті бітірген соң Қуандық Алматы қаласындағы Күләш Байсейітова атындағы музыка училищесінің дирижер-хоровик мамандығына оқуға түсті. Ол кезде бұл оқу орнының атағы дүркіреп тұрған шақ. Білім ошағында қатарының алды атанып, түрлі ән байқауларына қатысып, жүлделі орындарды еншілеп жүрді.

Жазғы демалыс кезінде ауданда өткен конкурса біздің ауылдан 70 адамнан құралған хор қатысты. Сол хорды ұйымдастыруда Қуандықтың еңбегі орасан зор болды. Ол кезде мен 9-сыныпта оқитынмын, өзім де хордың құрамында болдым. Біз

төрт дауыста ән айтып, жүлделі бірінші орынға ие болдық.

Қуандық Ишанғалиұлы еңбек жолын Сергеевка (Шал ақын ауданы) қаласындағы музыка мектебінде бастады. Кейін аудандық Мәдениет үйіне жетекшілік етті. Аудандағы өнерпаз казак жастарының басын бір арнаға тоғыстырып, ақын, марқұм Мүтәллап Қанғожин ағамыз ұйымдастырған алғашқы облыстық байқауға қатыстырды. Аудан жастары бірінші орын алды, ал Қуандықтың өзі дәстүрлі ән жанры бойынша бас жүлдені иеленді. Кейін өнерлі жастармен бірге «Ақбидай» ансамблін құрды. Бұл ансамбльдің атағы республикаға кеңінен жайылды. Алматыда, кейін Ре-

сейдің Пермь облысында 90-ға жуық концерт қойды.

Қуандық Ишанғалиұлы өңірде ақындар айтысын қайта жандандыруға белсене атсалысқан жан. 1980-1986 жылдар аралығында Көкшетау, Қарағанды және Солтүстік Қазақстан облыстары ақындарының қатысуымен аймақтық деңгейде айтыс ұйымдастырды. Ал 1989 жылы Ресейдің Халық әртісі Геннадий Заволокинді арнайы шақырып, алғаш рет «Ойна, гармонь, күмбірле, домбыра» атты облыстық фестиваль мен түрлі ұлт өкілдерінің ойын-сауық мерекесін өткізді. Бұл шаралар халықтар арасындағы достық пен мәдени байланыстардың нығаюына елеулі үлес қосты.

Кейін Қуандық Қасымов бұрынғы Соколов, Қызылжар аудандарындағы мәдениет бөлімін басқарды. Одан соң Петропавл қаласындағы филармонияның тізгінін ұстады. Жалақы жылдап төленбейтін қысылтаяң шақта өзге өңірлерден келген 10 актерге қамқорлық көрсетіп, пәтер алып беруі оның нағыз қайраткер екенін аңғартады.

Сәбит Мұқанов атындағы облыстық казак сазды-драма театрының тізгінін сегіз жыл бойы қолында нық ұстаған кезеңде Қуандық Ишанғалиұлы өзіншын мәніндегі казак өнерінің жанашыры, адал басшы ретінде таныта білді. Ол театрдың шығармашылық бағыт-бағдарын айқындап қана қоймай, актерлік құрамның кәсіби өсуіне, сахна-

лық мәдениеттің қалыптасуына ерекше мән берді. Соның нәтижесінде Қазақстанның түкпір-түкпіріндегі алпысқа жуық театр ұжымы Қуандық ағаның еңбегін жоғары бағалап, оның өнеріне құрметпен қарады, таланты мен ұйымдастырушылық қабілетіне тәнті болды.

Қуандық Ишанғалиұлы көзі тірісінде ұлттық өнерге деген шексіз сүйіспеншілігін нақты істерімен дәлелдей білді. Ол Көкшетау, Қарағанды және Солтүстік Қазақстан өңірлері ақындары арасындағы шығармашылық байланысты нығайтуға септесті. Осы бастамалары арқылы казактың көне де кастерлі айтыс өнерінің қайта жанданып, кеңінен насихатталуына өлшеусіз үлес қосты. Оның ел руханиятына сіңірген еңбегі мен өнер жолындағы ізденістері халық жандында мәңгі сақталары сөзсіз.

Ардақты тұлғалардың, әсіресе өнер иелерінің шынайы биігі мен дара болмысы көбіне көзі тірісінде замандастары тарапынан толық бағалана бермейді. Әдетте ондай бағаны өмірден өткен соң ғана беріп жатамыз. Ал Қуандық Ишанғалиұлы тірісінде-ақ өнер шыңына көтеріліп, өңірімізге ғана емес, күллі республикаға кеңінен танылды. Ол өз саласының нағыз майталманы, ісіне берік, жауапкершілігі жоғары, адамгершілік болмысы биік жан болатын.

Жангелді ТӘЖИН,
Петропавл қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Петропавловский бройлер» ЖШС Пеньково ауылы маңында көнді үйіп төгу алаңын салу жобасы бойынша, «Петропавловский бройлер» ЖШС үшін қоршаған ортаға әсер етуге экологиялық рұқсат алуға арналған құжаттар бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізетінін хабарлайды. Күні, уақыты: 11.03.2026 ж. сағат 11:00-де.

Өтетін орны: СҚО, Қызылжар ауданы, Пеньково ауылы, Центральная көшесі, 13 (Рошинка а/о әкімдігінің ғимараты).

Учаскенің координаттары: 54.983185 с.е., 69.316525 ш.б.; 54.969263 с.е., 69.329828 ш.б.; 54.967140 с.е., 69.301247 ш.б.; 54.975336 с.е., 69.301848 ш.б.

Интернетке қосылу сілтемесі:
<https://teams.live.com/join/9377598553073?p=t25Bc8b8hcgQGOWmJl>

Жиналыс идентификаторы: 9377598553073. Құпия сөз: 123456

Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүргізіледі.

Жоба материалдарына тапсырыс беруші: «Петропавловский бройлер» ЖШС тел.: 87012209367 СҚО, Қызылжар ауданы, Малое Белое а., Уәлиханов к., 50, ЖСН: 200540003797, s_koles81@mail.ru.

Құжаттаманы әзірлеушінің атауы: ЖШС «NordEcoConsult», Петропавл қ., Сәбит Мұқанов к-сі, 50, 308, тел.: 87773191746, БСН: 090240009780, vibatalov@yandex.ru (көрсетілген байланыстар бойынша қоғамдық тыңдау күніне дейін 3 күннен кешіктірмей сұрақтар қоюға болады).

Жоба бойынша құжаттама қоршаған ортаның жай күйі және ресурстарды сақтау туралы Ұлттық деректер банкіне <https://hearings.ndbecology.gov.kz> /және ЖАО сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/sko-tabigat?lang=ru> «қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде орналастырылған.

Жергілікті атқарушы органның атауы және қоғамдық тыңдауларды ұйымдастыруға жауапты адамның байланыс деректері: СҚО әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, тел.: 533638.

Конференцияға қосылу және қосымша ақпарат алу мәселелері бойынша 87773191746 телефоны бойынша хабарласуға болады.

Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдау үшін жергілікті атқарушы органның электрондық пошта мекенжайы: dpr@sko.gov.kz, e.aitzhanov@sko.gov.kz.

ТОО «Петропавловский бройлер» уведомляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по Документам на получение экологического разрешения на воздействие для ТОО «Петропавловский бройлер», Строительство площадки буртования помета в районе с. Пеньково.

Дата, время: 11.03.2026 г. в 11:00 .
Место проведения: СҚО, Кызылжарский р-н, с.Пеньково, ул. Центральная, 13 (здание акимата Рошинского с/о.).

Координаты участка: 54.983185 с.ш., 69.316525 в.д.; 54.969263 с.ш., 69.329828 в.д.; 54.967140 с.ш., 69.301247 в.д.; 54.975336 с.ш., 69.301848 в.д.

Ссылка для онлайн подключения:
<https://teams.live.com/join/9377598553073?p=t25Bc8b8hcgQGOWmJl>

Идентификатор собрания: 9377598553073. Пароль: 123456.

Регистрация участников ведется при предъявлении документа, удостоверяющего личность.

Заказчик материалов проекта: ТОО «Петропавловский бройлер» тел.: 87012209367 СҚО, Кызылжарский район, с. Малое Белое, ул. Валиханова, 50, БИН: 200540003797, s_koles81@mail.ru.

Наименование разработчика документации: ТОО «NordEcoConsult», г. Петропавловск, ул. Сабита Муканова, 50, оф. 308, тел.: 87773191746, БИН: 090240009780, vibatalov@yandex.ru (задать интересующие вопросы можете по указанным контактам не позднее 3 дней до даты общественных слушаний).

Документация по проекту размещена на Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и сохранении ресурсов <https://hearings.ndbecology.gov.kz/> и сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/sko-tabigat?lang=ru> в разделе «Общественные слушания».

Наименование местного исполнительного органа и контактные данные ответственного за организацию общественных слушаний: Управление природных ресурсов и регулирования природопользования акимата СҚО, тел.: 533638.

По вопросам подключения к конференции и получения дополнительной информации обращаться по телефону 87773191746.

Адрес электронной почты местного исполнительного органа для приема замечаний и предложений: dpr@sko.gov.kz, e.aitzhanov@sko.gov.kz.

«AgroTest» ЖШС 2026 жылғы 6 наурызда сағат 10:00-де ЖШС қатысушыларының кезектен тыс жалпы жиналысының өткізілетінін хабарлайды. Жиналыс Қазақстан Республикасы, Солтүстік Қазақстан облысы, Аққайың ауданы, Ивановка ауылы, 9 Мамыр көшесі, 1-өткелі мекенжайында өтеді.

«AgroTest» ЖШС кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібіне келесі мәселелер енгізілді:

1. Айналым қаражатын толықтыру мақсатында қаржыландыру алу үшін «AgroTest» ЖШС-ның «Бастау Агро Финанс» МКҰ ЖШС-ға өтініммен жүгінуі туралы және қаржыландыру мақұлданған жағдайда, қаржыландыру шарттарын (кредиттік желілерді ашу туралы келісімдер, қарыз шарттары және т.б.) жасасу туралы;

2. Қаржыландыру шарттарында көзделген міндеттемелер орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған жағдайда «AgroTest» ЖШС-ның кез келген банктік шоттарынан қаражатты тікелей дебеттеу жолымен және банктік шоттардан акцептсіз есептен шығару арқылы алуға «Бастау Агро Финанс» МКҰ ЖШС-ға (қайтарып алынбайтын және шартсыз келісім) құқық беру туралы;

3. «AgroTest» ЖШС директоры Мұқышев Тимур Қанатұлына «Бастау Агро Финанс» МКҰ ЖШС-да «AgroTest» ЖШС мүдделерін білдіру, «AgroTest» ЖШС атынан қаржыландыру шарттарына, оларға енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларға қол қою және жасасу, сондай-ақ осы шешімді іске асыруға байланысты өзге де құжаттарға, келісімдерге, шарттарға, өзгерістер мен толықтыруларға қол қою өкілеттігін беру туралы.

ТОО «AgroTest» объявляет о проведении внеочередного общего собрания участников ТОО, которое состоится 6 марта 2026 года в 10:00 часов по адресу: РК, Северо-Казахстанская область, Акжайынский район, с. Ивановка, ул. 9 Мая, проезд 1.

В повестку дня внеочередного общего собрания ТОО «AgroTest» включены следующие вопросы:

1. Об обращении ТОО «AgroTest» в ТОО «МФО «Бастау Агро Финанс» с заявкой на получение финансирования, для целей пополнения оборотных средств, и, в случае одобрения вопроса о финансировании, последующим заключением договоров финансирования (Соглашений об открытии кредитных линий, договоров займа и т.д.);

2. О предоставлении ТОО «МФО «Бастау Агро Финанс» (безотзывное и безусловное согласие) права на изъятие денег с любых банковских счетов ТОО «AgroTest» в случае неисполнения или ненадлежащего исполнения обязательств предусмотренных договорами финансирования – посредством прямого дебетования банковских счетов и безакцептное изъятие денег с любых банковских счетов ТОО «AgroTest» посредством безакцептного списания с банковских счетов.

3. О наделении директора ТОО «AgroTest» - Мукушева Тимура Канатовича полномочиями на представление интересов ТОО «AgroTest» в ТОО «МФО «Бастау Агро Финанс», на подписание и заключение от имени ТОО «AgroTest» договоров финансирования, изменений и дополнений к ним, а также на подписание иных документов, соглашений, договоров, изменений и дополнений к ним, связанных с реализацией данного решения.

Нотариус Северо-Казахстанского нотариального округа города Петропавловска Жолдасов Аскен Кайроллинович извещает об открывшемся наследстве после смерти гражданина Молдабекова Шайтбека Казбековича умершего 14 января 2026 года.

Прошу наследников обратиться к нотариусу по адресу: СҚО, г. Петропавловск, ул. Конституции Казахстана, 72, тел.: 33-14-08, в срок до 14 июля 2026 года.